

опыт в производственных условиях на 30 га в передовом хозяйстве ТОО «Викторовское» Зерендинского района Акмолинской области.

Экономическая оценка изучаемых приемов возделывания житняка на семена и корм показала, что на сено наибольшую прибыль с 1 га дали посевы житняка с нормой высева семян 2 млн. шт/га – 45222,41 тенге, себестоимость 1 ц сена составила 858,97 тенге и более высокий уровень рентабельности – 139%. При использовании посевов житняка на семена посевы с нормой высева 2 млн. имели большую прибыль – 142504,19 тенге с 1 га и себестоимость 1 ц семян составила 7584,78 тенге.

RESUME

The research work comprehensive assessment of the new Burabay wheatgrass variety is carried out while growing seeds and fodder in the hump-plain zone of Northern Kazakhstan. While cultivating horticulture for hay, wide-row crops with 30 cm row spacing give the highest yield, and wide-row crops with 30 and 45 cm row-spacings provide higher productivity for seeds. Based on the obtained experimental data, in order to clearly illustrate the advantages and features of varietal technology for seed production, new varieties of Burabay horticulture is laid for a demonstration experience in production conditions on 30 hectares in the advanced farm of Victorovskoye LLP in Zerendinsky district of Akmola region.

An economic assessment of the studied methods of cultivating grain crops for seeds and fodder showed that the largest profit from 1 ha is given to grain crops with a sowing rate of 2 million pcs / ha - 45,222.41 tenge, the cost of 1 centner of hay is 858.97 tenge or more high level of profitability - 139%. When using wheatgrass crops for seeds, crops with a sowing rate of 2 million has a big profit - 142,504.19 tenge per 1 ha and the cost of 1 centner seeds is 7,584.78 tenge.

ӘОЖ 633.2.03 (574.11) : 628.11

Онаев М.Қ., техника ғылымдарының кандидаты, доцент

Ожанов Г.С., ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты

Денизбаев С.Е., ауылшаруашылық ғылымдарының магистрі

Шадьяров Т.М., техника ғылымдарының магистрі

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЙЫЛЫМДЫҚ АЛҚАПТАРДЫ СУЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация

Азық-түлік қауіпсіздігін күшейту және оның өндірісін арттыру еліміздің алдында тұрған өзекті мәселе болып табылады. Қажетті азық-түлік өнімдерінің өндірісін ұлғайтудың басты бағыты мал шаруашылығын дамыту, яғни нарық қажеттіліктерін ет және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету үшін басым бағыттардың бірі болып саналады. Осы саланы дамытуда қазіргі заманғы технологиялық инфрақұрылымы бар және тиісті су қорларымен қамтамасыз етілген жоғары өнімді жайылымдық жерлерді құруды негіздейді.

Батыс Қазақстан облысындағы (БҚО) жайылымдарды суландыру көздері шахталы және құбырлық құдықтар, тоғандар, арналар, су құбырлары, өзендер мен көлдер болып табылады.

Мақалада Батыс Қазақстан облысының түрлі табиғи-ландшафтық аймақтарында жайылымдардың әлеуеті мен олардың жүктелу дәрежесі талданған.

БҚО-ның құрғақ далалық және шөлейт аймақтары шегінде жер асты су көздерінің пайдаланылу дәрежесі, жайылымдарды суландыруды мониторингілеу нәтижелері және жер үсті су көздерінің гидрологиялық көрсеткіштері келтірілген.

Түйін сөздер: Батыс Қазақстан, мал шаруашылығы, жайылым, суландыру, ашық су көздері, жер асты сулары, шахталы құдықтар, ұңғымалар, гидрохимиялық құрамы.

Кіріспе. Республикамыздағы ауылшаруашылық жерлерінің негізгі түрі жайылым болып табылады. Олар ауылшаруашылық жерлерінің 84,9% немесе 189 млн. га жерін алып жатыр.

Жайылымдардың жалпы алаңынан 116,9 млн. га жері немесе 61,6% суландырылған, 4,8 млн. га жері немесе 2,6% жақсартылған [1].

Батыс Қазақстан облысындағы агроөндірістік кешенді дамыту бағытында мал шаруашылығы басымдылық көрсетеді, себебі облыстың ауылшаруашылығындағы жалпы өнімінде мал шаруашылығы өнімінің үлесі жоғары. Сондықтан ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің азықтық базасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жер қорларын тиімді пайдалану, жоғары сапалы азықпен қамтамасыз ететін жоғары өнімді жайылымдық жерлерді құру және суландыру мәселесін шешу өзекті болып келеді.

Ауыл шаруашылығын дамыту үшін жеткілікті су мөлшері болған жағдайда жайылымды жоғары тиімділікпен пайдалануға болады. Шаруа қожалықтарында мал басының көбеюіне байланысты жаз кезінде отарлы мал шаруашылығы нүктелерінде ауыз суға деген тұтынушылық ұлғая түседі, сондықтан тұтынушыларды сумен қамтамасыз ету мәселесі маңызды болып қала береді және басқа ауыл шаруашылық саласымен салыстырғанда жайылымды суландыру мен игеруге жұмсалған капиталдық салымдар екі есе жылдам қайтарылады [2].

Уландыру сұрақтарының ойдағыдай шешілуі су тұтыну мөлшеріне және мал ішуге жарамды жер үсті және жер асты суларының болуына тікелей қатысты. Су тұтыну көлемі жайылымдағы жануарлардың жайылу уақытына және малдың әр түрінің суды тұтыну мөлшерімен есептеледі. Малды бағу мерзімі климаттық жағдайларға, шөптесіннің өнімділігіне және оның уақытын дұрыс пайдалануға байланысты [3, 4].

Сумен қамтуды механизациялау үш негізгі тапсырманы шешеді, яғни белгілі бір жағдайда бағылатын малдың санын көбейтуге, өнімділігін арттыруға және малды сумен қамтамасыз ететін қызметшілерді азайтуға мүмкіндік береді.

Жер асты суларын игеру тиімділігін арттыру әрқашанда өзекті болып келді. Сондықтан сулы қабаттардың гидродинамикалық сипаттамаларын пайдалануға негізделген, ұңғымаларды төсеу саласында физикалық әсерлер мен жетістіктерді қолдану мәселелерін түбегейлі сапалы шешу қажет [5].

Қазіргі уақытта еліміздегі отарлы мал шаруашылығының негізгі мәселесі су көздерімен қамтамасыз ету болғандықтан, отарлы мал шаруашылығы нүктелерінде жер үсті және жер асты суларымен қамтамасыз етілуін зерттеуді талап етеді.

Зерттеу мақсаты: Батыс Қазақстан облысының құрғақ далалы және жартылай шөлейтті аймақтарындағы орналасқан отарлы мал шаруашылығы жайғасқан орындардағы суландыру су көздерін зерттеу.

Зерттеу әдістері мен материалдары: Жайылымдық жерлер бойынша диалектикалық әдіс, статистикалық мәліметтерді топтастыру және талдау әдістері қолданылды. Мәліметтердің дәлдігін арттыру үшін жүйелі тәсіл және жүйелі талдау әдістері пайдаланылды. Су көздерінің орналасу дәрежесі мен алаңдарын талдау үшін аналитикалық, салыстырмалы – графикалық, қашықтан зондтау әдісі арқылы мәліметтерді өңдеу жүргізілді. Алға қойылған тапсырмаларды шешу мақсатында Батыс Қазақстан облысындағы су қорлары және оларды жайылымдағы сумен қамтамасыз етуді пайдалану туралы ақпараттар жинау, ашық және жер асты су көздерінің сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау үшін химиялық талдау үлгісін алу, су көздерінің төл құжаттарын жасау үшін материалдарды талдау мен жүйелеу және оларды аймақтарға бөлу, суландырылған жайылымдардың инфрақұрылымының қазіргі жай-күйін бағалау, суландыру құрылыстарын жөндеу және пайдалану саласындағы техникалық мәселелер анықталды.

Нақты географиялық нүктелеріндегі су көздеріне іс жүзіндегі жай-күйін анықтауда сандық-сапалық параметрлеріне мониторинг жүргізілді.

Есепті кезеңде географиялық координаттарды тіркелді, жалпы түрі фотоға түсірілді, электрмен қамтамасыз ету, шахталы және ұңғыма құдық дебиті, тереңдігі, статистикалық және динамикалық су деңгейі, ұңғыма бағанасының диаметрі, судың минералдануы зерттелді.

Батыс Қазақстан облысының жайылымдық жерлерін сумен жабдықтау көздері: суландырудың табиғи түрлері өзендер мен көлдер; жасанды түрлері арналар мен тоғандар және ұңғымалар мен шахталық құдықтар зерттелді.

Зерттеу нәтижелері. Алдын ала жоспарланған мақсаттар мен тапсырмаларға сай, барлығы 387 құдықтар мен 301 ұңғымалар және 80-нен астам ашық көздер түрінде арналар мен тоғандар зерттелді (1 кесте). Есепке елді мекендердің аумағында орналасқан және ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтуға арналған су көздері енгізілмеген. Сондай-ақ өзендер, көлдер және тоғандар мен каналдар түріндегі суландырудың ашық көздері қосылмаған, олар туралы ақпарат авторлардың соңғы 10 жылдағы зерттеулерінде, тиісті есептер мен жарияланымдарында келтірілген [6].

1 кесте – Облыс аймақтарындағы құдықтар мен ұңғымалардың жиынтық мәліметтері

Аймақтар	Саны, дана	Тереңдігі, м	Өлшемі, мм	Дебиті, дм ³ /с	Минерализациясы г/дм ³
Құдықтар					
Құрғақ далалы	80	2,6-21,58	0,6-2	0,027-1,98	0,28-11,85
Жартылай шөлейтті	212	2,9-22,5	1,0-4,0	0,01-2,7	0,17-16,59
Шөлейтті	95	1,8-13	0,36-3,2	0,02-1,46	0,16-9,52
Барлығы	387				
Ұңғымалар					
Құрғақ далалы	166	8,0-120,0	40-219	0,05-4,0	0,22-11,5
Жартылай шөлейтті	130	12,0-91,0	113-219	0,16-2,8	0,2-27,4
Шөлейтті	5	18,0-60,0	101,5-125	0,8-1,7	0,22-4,0
Барлығы	301				

Кестеде келтірілгендей, отарлы мал шаруашылығы пункттерінде зерттелген жер асты су көздерінің ішінен 387 (54 %) шахталық құдықтарды және 301 (46 %) ұңғымаларды құрайды. Сондай-ақ, зерттелген 387 құдықтардың 9%-ы пайдалануға жарамсыз, олардың 1%-ға жуығы шахталық құдықтар (қираған) жұмыс істемейтін жағдайда, 2% құдықтар еріген суларымен басылған және 6% құдықтар апаттық жағдайда тұр. Аймақтар бойынша құдықтар мен ұңғымалардың бөлінуі келесі 1 – суретте келтірілген.



1 сурет – Құдықтар мен ұңғымалардың аймақтар бойынша бөлінуі

Құдықтардың бұзылуының негізгі себебі шахталық құдықтарды жайластыру бойынша нормалар мен талаптарды сақтамау болып табылады. Қақпақтардың болмауы және құдықтардың ашық күйде болуы су көздерінің бітелуіне және пайдалануға жарамсыз болуына әкеліп соғады.

Техникалық параметрлер бойынша жабдықтардың құрылымы және шахта құдықтарының қабырғаларын бекіту әртүрлі - негізінен түрлі диаметрлі бетон, темір құбырлар, көлік және трактор дөңгелектері, түрлі диаметрлі бөшкелер, ағаш тақтайлар, түрлі шпалдар және қамыстан жасалған тақталар. Ұңғыма жабдықтарының құрылымы негізінен әр түрлі диаметрлі: 40 мм-ден 219 мм-ге дейінгі металл құбырлар мен соңғы жылдары қолданылатын диаметрлі 116-125 мм пластикалық полихлорвинилді (ПХВ) құбырлар.

Отарлы мал шаруашылығы пункттерінің 75% - ға жуығы суды көтеру үшін сорғыштардың әр түрлі түрлерін қосқанда қазіргі заманғы қондырғылармен жабдықталған, оның ішінде шаруа қожалықтарының 9% - ы суды құдықтан қолмен көтереді.

Су көздерінің гидрохимиялық талдауы көрсеткендей, құрғақ дала аймағында суландыру көздерінің 55%-ында су сортаңды, тұщы су көздерінің саны 41%-ды құрайды, тұзды су (4%) бірлі-жарым кездеседі. Кейбір ұнғымалар мен шахталық құдықтардың тұщы сулары аммоний, кальций және магний иондарынан тазартуды және әлсіз тұзды көздердің 32% сүзу мен тұщылауды қажет етеді. Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша тұщы шахталық құдықтар мен ұнғымалардың суы жайылымдарды суландыру көздеріне қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Минералдану дәрежесі бойынша жартылай шөлейтті аймақты суландыру көздерінің 34% тұщы, 61% - ащы, 4% - тұзды және 1%-ті өтпелі, ал шөлді аймақты суландыру көздерінің 53%-да тұщы, 47%-да ащы болып сипатталады.

Зерттелген отарлы мал шаруашылығындағы су көздерінің техникалық жай-күйін талдау көрсеткендей, электр желісі жақын орналасқан елді мекендерде электрмен жабдықтау жалпы электр тізбегінен беріледі. Мұндай нүктелерде ұнғымалар мен құдықтардан суды шығару үшін тереңдік, дренаждық және фекальдық электр сорғылары қолданылады. Электр қуаты жоқ пункттерде бензинді генераторлар, ал суды көтеру үшін бензинді мотопомпалар, ЗИД бензинді моторы бар таспалы су көтергіштер қолданылады.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында су көздерімен қамтамасыз етуде – ұнғымаларды бұрғылау және электр қуатымен қамтамасыз ету, күн батареяларын орнату, шағын жел электр станциялары бойынша шаруа қожалықтарын субсидиялау жүргізілуде (2 сурет).



2 сурет - Шаруа қожалықтарындағы ұнғымалар мен құдықтарды электр қуатымен қамтамасыз ететін күн батареялары

Отарлы мал шаруашылығы пункттерін мониторингілеу барысында 61 шаруа қожалығы күн батареяларын (панельдерді) және тәулік бойы электр энергиясымен қамтамасыз ететін барлық жинақтаушы элементтері бар шағын жел станцияларын орнатып, жасыл генерацияның осы түрімен жабдықтаған. Шалғайдағы мал шаруашылығы пункттерін осындай электр қуатымен толық қамтамасыз ету шаруалардың әл-ауқатын көтеріп қана қоймай, экологиялық және экономикалық жағынан тиімді болып келеді.

Жайылымдарды суландыру үшін Батыс Қазақстан облысының жергілікті су арналары мен өзендерінен салынған ірі суару-суландыру бассейндер жүйесі маңызды рөл атқарады, олардың ішіндегі ең ірілері Жайық өзені, Үлкен Өзен, Кіші Өзен, Өлеңті, Қалдығайты, Бұлдырты өзендері болып табылады. Облыс аумағындағы өзендердің бөлінуі біркелкі емес, олар ағынды қар суларынан жинақталады. Осы гидрологиялық тұрғыдан алғанда БҚО-дағы су ағындары үшін жылдық ағысының көлемі айтарлықтай өзгергіштігімен сипатталады [7].

Шаруа қожалықтары ұнғымалар мен құдықтардан басқа, тереңдігі 3 метрге дейін тереңдікте жасанды су тоғандарын (бассейндер) жасаған (3 сурет).



3 сурет - Су жинауға арналған жасанды құрылған тоған (копандар)

Жылдың көктемгі мезгілінде Жайық өзеніндегі судың деңгейі көтерілгенде Ақжайық, Казталов және Жәнібек аудандарының суару арналарына су беріледі, дәл осы уақытта шаруа қожалықтары жаздың ортасына дейін, кейде қыркүйек айына дейін жететін су қорын жинақтайды.

Құдықтардың құрылымын талдау көрсеткендей, облыс бойынша тексерілген құдықтардың жалпы санынан 319-ы (82 %) шахталық және 68-і (18 %) шеген құрағанын көрсетті. Егер географиялық орналасуы бойынша есептейтін болсақ, онда құрғақ дала аймағында 12%, жартылай шөлейтті аймақта 34% және шөлейтті аймақта 54% құдықтар бар. Құрғақ далалы және жартылай шөлейтті аймақтарда – диаметрі 0,9 – 1,2 метр дөңгелек темірбетонды құрылымды және шахталық құдықтар, көпшілігі тазатуды қажет етеді. Шөлді аймақта негізінен құдықтар қазылған және ағашпен (тақтайлармен) бекітілген, сондай-ақ қабырғаларын нығайту үшін көлемі 20 тоннаға дейінгі металл бөшекелерді пайдаланатын құдықтар да кездеседі (4 сурет).



4 – сурет Метал бөшекелермен бекітілген құдықтар

Негізінен зерттелген құдықтар аз дебитті, яғни құдықтардағы су статикалық деңгейге дейін әлсіз толады. Құдықтың толу уақыты 5-тен 24 сағатқа дейін. Мал басына және түріне байланысты шаруа қожалықтарының иелері (28 %) жайылымдық мал шаруашылығының бір пунктінде әр түрлі тереңдікте 4 құдыққа дейін қазады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қолданыстағы су көздеріне мониторинг жүргізу барысында, су көздерінің жалпы санынан 56%-ы ашық түрдегі құдықтарды құрайды, оның ішінде шахталық құдықтар - 82% темірбетон ($\varnothing$ 0,9 - 1,2 м) және металл конструкциялы ($\varnothing$ 1,5 - 3,2 м) және 18% шетен құдықтар, яғни құдықтың қабырғалары тақтайлармен немесе өрілген шыбықтармен бекітілген (1,0 x 1,0 м - 2,5 x 2,5 м).

Құдықтардың техникалық жай-күйіне талдау жасай отырып, олардың көпшілігі жақсы жағдайда (75%), яғни қақпақтары бар, қоршалған, қалқанмен жабдықталған, таза суарылатын астаушалары бар деген қорытынды жасауға болады. Тексерілген құдықтардың жалпы санынан (16%), қанағаттанарлықсыз жағдайда қоршалмаған, суару алаңдары мен астаулары ішінара бұзылған.

Құдықтар мен ұңғымаларды су басуының себептері, шаруа қожалықтарының иелері құдықтарды қазу және ұңғымаларды бұрғылау кезінде бұрын су қоймалары мен өзен арналары болған жерлерді тандайды, соның салдарынан көктемгі қар суы еруі және жауын-шашынның мол түсуі кезінде осы су көздері су астында қалады. Олар уақытымен тазартылып және тиісті қызмет көрсетілмегенде (жөндеу), құдықтардың апаттық жағдайына әкеліп соғады.

Мониторингілеу барысында шөлді аймақтарда әлі күнге дейін суды ұңғымадан көтеру үшін МТЗ маркалы тракторының компрессорын қолданатыны анықталды. Жер асты су көзінен суды көтеруге арналған қазіргі заманғы жабдықтардың (сорғылардың) болмауы шаруашылықтардағы мал басының аздығынан болып отыр.

Облыс бойынша зерттелген ұңғымалардың көпшілігінде шегендеу құбыры ретінде диаметрі 40 – тан 219 мм-ге дейінгі металл құбырларды пайдаланылған, бірақ соңғы жылдары диаметрі 116-125 мм пластикалық құбырларды жиі қолдана бастады (5 сурет) .

Жалпы алғанда 6 шаруашылықта (2%) суды астауларға көтеру үшін компрессорлар қолданылады, ал қалғанғандары (98%) өнімділігі әртүрлі электрлік тереңдік сорғыларды пайдаланады.



5 сурет – Металл және пластмассалы шегендеу құбыры бар ұңғымалар

Ұңғымаларға мониторинг жүргізу кезінде кейбір қожалықтарда ұңғымалар ақаулы күйде (терең сорғыштарды бекіту сымдары үзілген) анықталды. Облыс бойынша 9%-ға жуық ұңғымалар судың жоғары минералдануына байланысты және басқа да себептермен пайдаланылмайды.

Су көздерінің жабдықталуы бойынша зерттеу жүргізе отырып, шалғайдағы мал шаруашылығының зерттелген пункттерінің 75%-ы құдықтар мен ұңғымалардан суды көтеру

бойынша қазіргі заманғы құрал – жабдықтармен (тереңдік сорғылар – 49 %, дренаждық сорғылар – 45 %, фекалды сорғылар – 6%) қамтылған, шаруа қожалықтарының 10%-ы қазіргі заманғы бензиндік мотопомпаларды пайдаланады, ал 5%-ы суды таспалы су көтергіштің көмегімен көтереді және шаруа қожалықтарының 10%-ы ғана суды құдықтан қолмен, шелектер мен жіптердің көмегімен көтереді. Бұл 10%-ы шағын мал басы бар шаруа қожалықтары немесе тек ауыл шаруашылығы малын жаңадан өсіре бастағандар. Соңғы жылдары жайылымдарды суландыруда көпшілігі үшін аймақтарына тән тереңдігі 25-35 метрлік бұрғыланған ұңғымалар санының өсуі байқалады. Облыс аумағы бойынша жер асты суларының қорлары біркелкі бөлінбеген, минералдану деңгейі мен сулы қабаттардың су сыйымдылығы әртүрлі болып келеді.

Қорытынды. Отарлы мал шаруашылығын қарқынды дамыту үшін жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану бойынша шаралар қабылдап, оларды су қорымен қамтамасыз етуде қазіргі заманғы технологиялық инфрақұрылымды құру керек. Зерттеу көрсеткендей, БҚО-ның құрғақ далалы аймағы үшін жайылымдарды суландыруға өзендер, арналар, тоғандарды қамтитын ашық су көздерін пайдаланған дұрыс. Шөлейтті аймақтардағы жайылымдарды суландыру негізінен жер асты суларын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Аумақтардағы іргелес жайғасқан жайылым орындарында суландыру мен суару жүйесін қамтамасыз ету мәселесі тоғандар мен суару алаңдары бар құрылыстарды салу арқылы шешіледі. Бұл шешім үздіксіз қажетті судың сапасын ұстауға байланысты, әрі тұтынушылар үшін іс жүзінде ақталған және экономикалық тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Еркінбаева Л.К. Правовые проблемы использования пастбищных ресурсов в Республики Казахстан // Аграрное и земельное право. – 2009. - № 6(54). – С. 138-142.
2. Кушнир В.Г. Повышение эффективности систем механизированного водоснабжения пастбищ: монография. - М.: Колос, 2008. – 160 с.
3. Мендыбаев Т.Н., Смашов Н.Ж. Методы и средства освоения месторождений подземных вод принудительным самоизливом // Новости науки Казахстана. – 2014. - № 1 (119). – С. 115-122.
4. Мухамеджанов М.А., Макыжанова А.Т., Кулагин В.В. Обоснование и определение перспективных объектов по использованию подземных вод для орошения земель, кормопроизводству и обводнению пастбищ Казахстана // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Алматы. – 2017. - № 3. – С. 72-81.
5. Курганов А.М., Вуглинская Е.Э. Водозаборы подземных вод. - СПб. – 2009. – С.41-45.
6. Онаев М.К. Мелиоративная оценка водных и земельных ресурсов Приуралья. – Уральск: ЗКАТУ, 2014. – 165 с.
7. Онаев М.К. Источники воды для мелиоративных целей. - Уральск: ЗКАТУ им. Жангир хана, 2012. – 81 с.

РЕЗЮМЕ

В статье проанализированы потенциал пастбищных угодий по различным природно-ландшафтными зонами территории Западно-Казахстанской области и степень их загруженности. Приведены результаты мониторинга источников обводнения пастбищ, гидрологические показатели поверхностных и подземных водных источников, степень использования подземных источников воды в пределах сухостепной, пустынной и полупустынной зон ЗКО. Даны результаты гидрохимических показателей воды источников обводнения мест дислокаций отгонного животноводства.

RESUME

The article analyzes the potential of pasture lands in various natural and landscape zones of the territory of the West Kazakhstan region and the degree of their workload. The results of monitoring of pasture irrigation sources, hydrological indicators of surface and underground water sources, and the degree of use of underground water sources within the dry-steppe, desert, and semi-desert zones of the WKO are presented. The results of hydrochemical indicators of water sources for watering places of dislocations of distilled cattle are presented.